Павлодар облысының Әділет департаменті
20 21 ж. 14 - 01
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 940340000961
Алғашқы тіркелген күні 1994 ж. 19 - 03

Павлодар облысының Әділет департаменті
2021 ж. 14 - 01
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 2 - 1945 - 11 - МЧ қуәлік
Алғашқы тіркелген күні 1994 ж. 19 - 03

Павлодар облысы әкімдігінің
2020 жылғы «23» желтоқсандағы
№ 287/5 қаулысымен
бекітілді

Павлодар облысы әкімдігінің
2020 жылғы «23» желтоқсандағы
№ 287/5 қаулысына
12-қосымша

Павлодар облысы білім беру басқармасының
«Успен ауданының білім беру бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі Павлодар облысының әкімдігімен аудан аумағында білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесіне есеп береді және бақылауында болады.

4. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы, мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім

беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 141000, Успен ауданы, Успен селосы, Геринг көшесі, 17

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области.

12. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: дүйсенбі - жұма сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

13. Мемлекет Павлодар облысы әкімдігі тұлғасында Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

14. Осы Ереже Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

15. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

16. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

17. Миссиясы: Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі облыстың атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және өз құзыреті шегінде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

18. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің мақсаты Успен ауданында білім беруді дамытуға, білім беру саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

19. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты аудан деңгейінде жүзеге асыру болып табылады.

20. Мемлекеттік мекеменің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеретін қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

8) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;

9) білім беру саласында инновацияларды іздеу мен енгізуде педагогикалық және басқару кадрларының белсенділігін ынталандыру тетігін жетілдіруге ықпал ету, педагогикалық бастамаларды эксперименттік байқаудан өткізуді ұйымдастыру.

21. Функциялары:

1) тиісті аудан аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) мемлекеттік білім беру ұйымдарында кешкі (ауысымдық) оқыту нысанын қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы берілетін жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, қосымша білім беру) басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының қажеттілігін, ата-ана төлемақысының мөлшерін айқындайды;

6) облыс білім беру басқармасы арқылы облыстың жергілікті атқарушы органына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекітуге енгізеді;

7) облыс білім беру басқармасы арқылы облыстың жергілікті атқарушы органына орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуге енгізеді;

8) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

10) тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

11) аудандық деңгейде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

12) оқу-өндірістік комбинаттардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

13) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

14) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) қолдайды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді;

15) жыл сайын 1 тамызға дейін мектепалды даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ауданда орналасқан білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына білім беру органдары оқу жылына болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

16) орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын, жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

17) аудан аумағында орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару, органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

18) ауданның білім беру бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

19) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауданның білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшы қызметкерлерін аттестаттауды ұйымдастырады;

20) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлау және қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарды қалыптастырады;

21) мектепке дейінгі ұйымдарды және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

22) аудандағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

24) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын орналасқан мектепке дейін және кері тегін тасымалдауды ұйымдастырады;

25) аудандағы мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

26) ауданда орналасқан білім беру ұйымдарында психологиялық қызметке әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

27) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

28) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

29) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

30) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

31) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына, отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

32) білім беру ұйымдарында, оның ішінде аудандарда, қалаларда орналасқан білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;

33) мамандандырылған жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қоспағанда, ауданның білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі мәселелерді үйлестіреді;

34) облыс білім беру басқармасы арқылы облыстың жергілікті атқарушы органына ауданның білім беру бөлімінің құрылымын бекітуге енгізеді;

35) мемлекеттік білім беру ұйымдарының тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оқу жоспарларын (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру), сондай-ақ ауданның тиісті шағын учаскесінің қажеттілігіне қарай орта білім беру ұйымдарының жиынтық-сыныптарының санын келіседі;

36) ведомстволық бағынысты аумақта мектепке дейінгі, орта білім беру және қосымша білім беру мемлекеттік ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жауаптылыққа тартады;

37) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары

1) облыс білім беру басқармасы арқылы облыстың жергілікті атқарушы органының қарауына дамудың негізгі бағыттары, білім беру саласындағы проблемаларды жедел шешу жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен белгіленген тәртіппен ақпарат сұрату және алу;

3) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасасу;

4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша жұмыскерлермен еңбек шарттарын өзгерту, толықтыру, бұзу;

5) өз өкілеттіктері шегінде еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің актілерін шығару;

6) жұмыскерлерден еңбек, ұжымдық шарттар талаптарының, еңбек тәртіптемесі қағидаларының және жұмыс берушінің басқа да актілерінің орындалуын талап ету;

7) егер еңбек шартының талаптарында ескертілсе, қызметкерді оқытуға байланысты шығындарды өтеу;

8) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және шарттарда жұмыскерлермен еңбек шарттарын жасасу;

9) білім беру мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

10) ведомстволық бағынысты ұйымдарды басқару мәселесі бойынша актілерді әзірлеу, олардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

11) осы Ережеде белгіленген өз құзыретті шегінде әкімнің, әкімдіктің мүдделерін барлық инстанцияларда, мемлекеттік органдарда, мекемелерде, кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарда білдіру;

12) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Міндеттері:

1) кешкі (ауысымдық) оқыту нысанын қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы берілетін жалпы орта білім беруді қамтамасыз ету;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және білім беру мақсатында олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, сондай-ақ олардың мүліктік және мүліктік емес мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

3) жыл сайын 1 тамызға дейін мектепалды даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына білім беру органдары оқу жылына болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастыру;

4) білім беру ұйымдарында оқу бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

5) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

4-тарау. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

23. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

24. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

25. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

26. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Мемлекеттік мекеме туралы ережені Павлодар облысының әкімдігіне бекітуге ұсынады;

2) Заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, облыс әкімдігі қаулыларын орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, жоғары тұрған органдарды олардың орындалу барысы туралы жүйелі түрде хабардар етеді;

3) басшының бұйрықтарын шығарады;

4) мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды;

5) мемлекеттік мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;

6) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

7) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүдделерін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда білдіреді;

8) заңнамамен белгіленген жағдайларда және шегінде мүлікке билік етеді;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен шарттар жасасады;

10) сенімхаттар береді;

11) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің актілеріне қол қояды;

12) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

13) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен функцияларын айқындайды;

14) Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

15) өзіне заңнамамен және осы Ережемен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде

оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

27. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

28. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен жергілікті атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

29. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

30. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшылығы мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

5-тарау. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі

31. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

32. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

33. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

6-тарау. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

34. Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Успен ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1. Успен ауданының білім беру бөлімінің «№ 1 Успен жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
2. Успен ауданының білім беру бөлімінің «№ 2 Успен жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
3. Успен ауданының білім беру бөлімінің «№ 3 Успен жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
4. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Константинов жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
5. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Таволжан жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
6. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Равнополь негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
7. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Белоусов жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
8. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Ольгин жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
9. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Тимирязев негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
10. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Вознесен негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
11. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Новопокров негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
12. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Дмитриев бастауыш жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
13. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Павлов жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
14. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Галицк жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
15. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Ковалев негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
16. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Қозыкеткен жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
17. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Лозов жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
18. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Қаратай жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
19. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Богатырь негізгі жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
20. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Балдырған» балалар эстетикалық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

21. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Балалар музыкалық мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
22. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Ақбота» сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
23. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Айгөлек» сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
24. Успен ауданының білім беру бөлімінің «Балапан» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Утверждено
постановлением акимата
Павлодарской области
от «25» декабря 2020
года
№ 287/5

Приложение № 12
к постановлению акимата
Павлодарской области
от «25» декабря 2020
года
№ 287/5

ПОЛОЖЕНИЕ
о государственном учреждении
«Отдел образования Успенского района»
управления образования Павлодарской области

Глава 1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области является государственным органом Республики Казахстан, уполномоченное акиматом Павлодарской области на осуществление деятельности в сфере образования на территории района.

2. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области ведомств не имеет.

3. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области подотчетен и подконтролен государственному учреждению «Управление образования Павлодарской области».

4. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

5. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

6. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

7. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области имеет право выступать стороной Гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

8. Государственное учреждение «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя государственного учреждения «Отдел образования Успенского района» управления образования Павлодарской области и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

